

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №1

Тақырыбы:

2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат негізінде мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту

Күн тәртібі:

1. Күн тәртібін қарастыру
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту

Тыңдалды:

Әдіскер Акжигитова У. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат негізінде мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесінің жобасын жан-жақты таныстырды. Баяндама барысында күн тәртібін тиімді ұйымдастырудың маңызы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу жүктемесін бөлу, демалыс пен белсенді әрекеттердің арақатынасын сақтау, сондай-ақ күнделікті оқу-тәрбие үдерісінің бірізділігін қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін құру барысында мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарының ескерілуі, балалардың денсаулығын сақтау, психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету және дамытушы ортада еркін әрекет ету мүмкіндігін кеңейту жолдары түсіндірілді. Әдіскер әр жас тобына арналған уақыт мөлшерінің сақталуы, ойын, серуен, ұйқы және оқу іс-әрекеттерінің дұрыс үйлестірілуі туралы толық ақпарат берді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Төребаева Г. ұсыныстарын білдіріп, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін талқылады. Әр топ тәрбиешілері өз тәжірибелеріне сүйене отырып, балалардың белсенділік деңгейін, шаршау және қызығушылық ерекшеліктерін ескере отырып, кестені тиімді жоспарлау туралы пікірлерін ортаға салды.

Тәрбиешілер таңғы қабылдау, серуен, ойын әрекеттері және ұйымдастырылған оқу іс әрекеттерінің уақытын тиімді үйлестіру, балалардың еркін ойынына жеткілікті уақыт бөлу, сондай-ақ ұсақ топтық және жеке жұмыстарды енгізу бойынша ұсыныстар берді. Сонымен қатар, педагогтер күн тәртібін орындау барысында икемділік сақтау, ауа райына байланысты серуен уақытын өзгерту, балалардың эмоционалдық жағдайын ескеру және оқу қызметін ойынмен кіріктірудің тиімділігі жөнінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Жиналыс барысында барлық ұсыныстар талқыланып, күн тәртібіне бағытталған бірқатар нақты ұсыныстар айтылды.

Шешімі:

1. Жұмыс барысында 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін.

Төрайым  Шамшадинова

Хатшы  Акжигитова

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №2

Тақырыбы:

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралардың жылдық жоспарын әзірлеу

Күн тәртібі:

1. Экологиялық іс-шаралар жоспарын талқылау
2. Акциялар, байқаулар және жобаларды бекіту

Тыңдалды:

Әдіскер Акжигитова У.экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жылдық жоспар жобасын жан-жақты таныстырды. Баяндама барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық сауаттылығын қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, жылдық жоспарға енгізілген экологиялық бағыттағы іс-шаралардың мазмұны түсіндірілді. Атап айтқанда, «Таза аула», «Бір тал ек», «Құстарға қамқорлық», «Жасыл әлем», табиғат бұрыштарын ұйымдастыру, маусымдық бақылаулар, экологиялық серуендер, көрмелер мен шығармашылық байқаулар өткізу жолдары қарастырылды. Әдіскер экологиялық тәрбиенің балалардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, еңбекке баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Жоспарды жүзеге асыру барысында ата-аналармен бірлескен экологиялық акциялар ұйымдастыру, тәжірибелік жұмыстарды күшейту және балалардың табиғатпен тікелей қарым-қатынасын арттыру жолдары да кеңінен түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Ақпанбетова А. ұсынысын білдіріп, экологиялық іс-шараларды ұйымдастырудың тиімді жолдарын талқылады. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес табиғатты бақылау, тәжірибе жасау және еңбек әрекеттерін кіріктірудің маңыздылығын атап өтті.

Тәрбиеші Тулепбергенова Ж. топтарда «табиғат бұрышын» тиімді пайдалану, маусымдық өзгерістерді бақылау күнделіктерін жүргізу, экологиялық тақырыптағы дидактикалық ойындарды қолдану және серуен кезінде табиғатты қорғауға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар, педагогтер ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарту, бірлескен сенбіліктер мен акциялар өткізу, балалардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін арттыру мақсатында жобалық жұмыстарды кеңейту жөнінде ұсыныстарын ортаға

салды. Барлық ұсыныстар талқыланып, жылдық жоспарды жетілдіруге бағытталған нақты ойлар айтылды.

Шешімі:

- 1.Экологиялық іс-шаралардың жылдық жоспары бекітілсін.
- 2.Ата- аналар мен экологиялық акциялар ұйымдастырылсын.

Төрайым

С.Мамшадинова

Хатшы

А.Юсигитова



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №3

Тақырыбы:

Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы және дамытушы білім беру ортасын құру

Күн тәртібі:

1. Білім беру ортасын ұйымдастыру талаптары
2. Қауіпсіздік және дамытушы орта мәселелері

Тыңдалды:

Әдіскер Акжигитова У. тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы және дамытушы білім беру ортасын құру талаптары туралы кеңінен түсіндірме берді. Баяндама барысында мектепке дейінгі ұйымда балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – басты басымдық екені атап өтілді. Осыған байланысты топ бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, жиһаздардың жас ерекшеліктеріне сай болуы, қауіпсіздік техникасының сақталуы және ойын алаңдарының дұрыс ұйымдастырылуы маңызды екені түсіндірілді. Сонымен қатар, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның мазмұнына тоқталып, оның балалардың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал ететіні айтылды. Әдіскер ортаны құруда ойын бұрыштары, кітап бұрышы, шығармашылық аймақ, сенсорлық аймақ және тәжірибелік әрекетке арналған құралдардың жүйелі түрде жаңартылып отыруы қажеттігін атап өтті. Балалардың еркін әрекет етуіне мүмкіндік беретін, қызығушылығын арттыратын орта құрудың маңыздылығына ерекше назар аударылды. Сонымен бірге, қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында электр құралдарын дұрыс пайдалану, өткір және қауіпті заттарды қолжетімсіз жерге орналастыру, серуен кезіндегі бақылауды күшейту және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары қарастырылды.

Сөз сөйледі:

Төребаева Г. топтардағы дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты. Олар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын және оқу аймақтарын тиімді орналастыру, материалдарды қолжетімді ету және баланың еркін таңдауына мүмкіндік беру мәселелерін талқылады.

Тәрбиешілер топ ішіндегі заттық-кеңістіктік ортаны үнемі жаңартып отыру, маусымдық өзгерістерге сәйкес безендіру, ұлттық құндылықтарды енгізу және дидактикалық материалдарды көбейту бойынша ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар, әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, дамытушы ортаның бала белсенділігін арттырудағы рөлі туралы ойларын білдірді.

Жиналыс барысында педагогтер қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, ата-аналармен бірлесіп ортаны толықтыру және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытында нақты ұсыныстар айтты.

Шешімі:

1. Қауіпсіз және дамытушы орта талаптары сақталсын.
2. Дамытушы орта балалардың жан-жақты дамуына бағыттталып, жүйелі түрде жетілдіріліп отырсын.

Төрайым _____ С. Шамшадинова

Хатшы _____ У. Аюжигитова



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №4

Тақырыбы:

Балалардың жеке даму картасы мен мониторинг нәтижелерін сараптау

Күн тәртібі:

1. Жеке даму карталарын талдау
2. Мониторинг нәтижелерін қарастыру

Тыңдалды:

Әдіскер Акжигитова У балалардың жеке даму карталары мен мониторинг нәтижелеріне жан-жақты талдау жасады. Баяндама барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күтілетін нәтижелердің орындалу деңгейі қарастырылды. Жеке даму карталары арқылы әр баланың танымдық, тілдік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дамуының көрсеткіштері сараланып, жетістіктері мен қиындықтары анықталды.

Сонымен қатар, мониторинг нәтижелері негізінде топтар бойынша жалпы даму динамикасына талдау жасалып, балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастырудағы педагогтердің жұмысына баға берілді. Әдіскер әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлаудың маңыздылығына тоқталды. Алдағы кезеңде олқылықтарды жою және даму сапасын арттыру бағытында нақты ұсыныстар берілді.

Сөз сөйледі:

«Күншуақ» тобының тәрбиешісі Ақпанбетова А. балалардың даму деңгейі бойынша өз топтарының нәтижелерін жан-жақты баяндады. Олар мониторинг барысында алынған мәліметтерге сүйене отырып, әр баланың жеке даму ерекшеліктерін, жетістіктерін және қиындықтарын атап өтті.

«Құлыншақ» тобының тәрбиешісі Төребева Г. сөйлеуді дамыту, логикалық ойлау, ұсақ моторика, әлеуметтік дағдылар және шығармашылық қабілеттерді дамыту бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижелерімен бөлісті. Сонымен қатар, кейбір балалармен жеке түзету-дамыту жұмыстарын күшейту қажеттігін айтып, тиімді әдіс-тәсілдер бойынша ұсыныстарын білдірді.

Жиналыс барысында педагогтер жеке даму карталарын сапалы жүргізу, мониторинг нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісін жоспарлауда тиімді пайдалану және балалардың даму деңгейін арттыру мақсатында бірлескен жұмыс жүргізу жөнінде пікір алмасты.

Шешімі:

Мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылып жеке даму жұмыстары жалғастырылсын.

Төрайым

С. Шамшадинова

Хатшы

У. Аюкигитова

